

# АЛТАУ Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №29 (143) 3 шілде 2026 жыл

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ-2026

## ҚАРҚАРАДАҒЫ ҚАЛЫҢ ЕЛ Ұлттық дәстүрді тамашалады

Кеген ауданы Қарқара жайлауында дүйім жұрт асыға күткен «Қымызмұрындық – 2026» мәдени-көпшілік және спорттық шарасы өтті. Аталмыш мереке абыз баба Әлмерек Жаншықұлының 368 жылдығымен қатар келіп, биыл бесінші рет ұйымдастырылып отыр. Мерекеге еліміздің түкпір-түкпірінен, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Қытай, Түркменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстаннан қонақтар келді. Қымызмұрындық тойына барлығы 35 мыңға жуық мейман қатысты.

Таң сәриден Қарқара жайлауына жиналған жұртшылық түрлі бағыттағы тақырыптық алаңдарды аралап көрді. Кеген ауданының Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен қойылған киіз үйден құралған этно-ауылда қонақтар қазақ халқының бай мәдениетінен сыр шертетін көрмені тамашалады. Сонымен қатар қолөнер шеберлерінің, суретшілердің туындылары ұсынылып, ауыл шаруашылығы техникасы мен жергілікті өндірушілердің өнімдері таныстырылды. Қолөнерге қызығатын жандарға шеберлік сағаттары өткізілді. Ұлттық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптың айшығы болған тарихи жәдігерлер көрмесі де халықтың ерекше назарына ілікті.

Қымызмұрындық тойында сондай-ақ ұлттық ойындардан түрлі сайыстар өткізіліп, Мыңжылқы атырабын дүбірге бөлеуде. Атап айтқанда, спортшылар ат бәйгесі, қазақ күресі, алыптар сайысы, теңге ілу, асық ату, қой көтеру сынды жарыстардан сынға түсті.

Мыңжылқы жайлауының көркін кіргізіп дүйім жұрттың алдынан 1000 бас жылқы айдап өгіп, жиналғандарды тантты етті.

Түс ауа жиналған жұрт байге алаңына асықты. Қарқара жайлауы тағы да Қазақстанның ұлттық спорт

орталығына айналды. Дәстүрлі «Қымызмұрындық – 2026» фестивалі аясында абыз баба Әлмерек Жаншықұлының 368 жылдығына арналған республикалық бәйге жарыстары өтті.

Еліміздің барлық өңірлерінен келген 200-ге жуық шабандоз, сондай-ақ Қырғыз Республикасынан келген шабандоздар ұлттық ат спортының ең беделді түрлері – аламан бәйге (32 км), топ бәйге (20 км) және құнан бәйге (9 км) бойынша бақ сынады. Ұлттық мереке рухындағы дүбірлі додаға мыңдаған көрермен, ат спортының жанкүйерлері



мен қазақтың салт-дәстүрін құрметтеушілер жиналды.

«Жыл сайын «Қымызмұрындық» фестивалі ұлттық мәдениетті насихаттайтын, халықаралық бай-

ланысты нығайтатын және этнотуризмді дамытатын ірі алаңға айналып келеді. Бүгін Қарқара жерінде еліміздің үздік шабандоздары Ұлы даланың көпғасырлық дәстүріне деген құрметін көрсетіп, өзара бақ сынауда.

Алматы облысында ұлттық спорт түрлерін дамытуға тұрақты қолдау көрсетіліп, жоғары деңгейдегі жарыстарды өткізуге барлық жағдай жасалуда. Биылғы бәйге жарысы қазақ халқының көрнекті қоғам қайраткері, ойшыл әрі рухани тұлғасы абыз баба Әлмерек Жаншықұлы-



ның 368 жылдығына арналды. Осындай іс-шаралар тарихи мұрамызды сақтауға, жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыруға және дәстүрлі спорт түрлеріне қызығушылығын нығайтуға ықпал етеді», – деді Алматы облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жансерік Әдіяхметов.

Қазақ халқы үшін бәйге жай ғана ат жарысы емес. Бұл – жылқының төзімділігі, шабандоздың шеберлігі



мен тұлпарды баптау өнері сыналатын ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүр.

Спорттық мереке аясында сондай-ақ «Түйе палуан» республикалық қазақ күресі турнирі, «Қошқар көтеру» сайысы және «Алыптар сайысы» күш иелері турнирі өтті. Қатысушылар бірнеше күрделі сынақтан өтті: 10 келілік найзаны нысанаға дәл лақтырды, ұзындығы бір жарым метрлік темір шыбықты иді, салмағы 141 келі болатын тасты көтеріп жүріп өтті, иығына 100 келілік бөренені қойып отырып-тұрды және салмағы жарты тонна болатын арбаны құм үстімен сүйреді. Әрбір кезең қатысушылардан ерекше күшті ғана емес, бағылдықты, техниканы және қайсарлықты талап етті.

Жарыстың жүлде қоры ұлттық спорт турнирлері арасындағы ең қомақтыларының бірі болды – 15 миллион теңгеден астам қаржы және төрт автокөлік.

Аламан бәйгеде Жамбыл облысының Айтолқын атты тұлпары жеңіске жетті. Оның иесі бас жүлде – JETOUR X70 FL Prestige автокөлігінің иегері атанды. «Аламан бәйге-

дегі жеңіс – бүкіл командалық ұзақ еңбегінің нәтижесі. Мұндай жарысқа дайындық ерте басталады. Атты дұрыс баптап, оның күшін мәреге дейін сақтау өте маңызды. 32 шақырымдық қашықтық қателікті кешірмейді. Мұнда алғашқы шақырымдарда ғана жылдам болған емес, атының бабын сезініп, жарыс барысында дұрыс шешім қабылдай алғандар жеңіске жетеді», – деді Аламан бәйгенің жеңімпазы Нұрислам Сайлау.

Топ бәйгеде Жамбыл облысының Бәйтерек атты сәйгүлігі бірінші болып мәреге жетіп, оның иесі CHERY TIGGO 2 PRO автокөлігін жеңіп алды. Құнан бәйгеде Қырғыз Республикасының Таңсұлу атты тұлпары топ жарды. Бас жүлде – JAC J7 автокөлігі табысталды.

Аламан бәйгеде 1–7 орын, ал қалған бәйге түрлерінде 1–5 орын алған жүлдегерлер ақшалай сертификаттармен марапатталды.


Сонымен қатар, «Түйе палуан» турнирінің жеңімпазы автокөлікке ие болды. «Қошқар көтеру» сайысында үздік шыққан қатысушыға дәстүрлі бас жүлде – қошқар табысталды. Ал «Алыптар сайысының» жеңімпаздары қомақты ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

**Ғани БЕЙҚҰТБАЙ.**  
Қарқара жайлауы  
Кеген ауданы.

АЛТЫН ДІҢГЕК

## Отан отбасынан басталады

Отбасы-қоғамның алтын діңгегі, мемлекеттің берік тірегі. Ұлттың болашағы да, елдің ертеңі де ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан отбасы тәрбиесі мәселесі қай кезеңде де өзінің маңызын жоғалтқан емес.



Бүгінгі таңда Қазақстанда әділетті, жауапты және адал қоғам қалыптастыру міндеті мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Бұл мақсатқа жетудің басты жолы-отбасы тәрбиесін нығайту, жас ұрпақтың бойына адамгершілік пен адалдық қасиеттерін сіңіру.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында және Ұлттық құрылтай отырыстарында қоғамдағы адалдық, әділдік, жауапкершілік құндылықтарын тұрақты түрде көтеріп келеді.

Мемлекет басшысы «Адал азамат» тұжырымдамасын ұсынып, елдің өркендеуі әрбір азаматтың саналы еңбегі мен адал қызметіне байланысты екенін атап көрсетті.

Президенттің айтуынша, әділетті Қазақстан құру үшін ең алдымен адал азамат тәрбиелеу қажет. Ал адал азамат ең алдымен отбасында тәрбиеленеді. Сондықтан отбасы тәрбиесі мен адал қоғам ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты.

Отбасы-тәрбие бастауы дей-

міз. Қазақ халқы ежелден отбасын ерекше қадірлеген. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген халық даналығы баланың болашақ мінез-құлқы мен дүниетанымы отбасындағы тәрбиеге байланысты екенін көрсетеді.

Отбасындағы бала үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды, еңбекқорлықты, адалдық пен әділдікті, жауапкершілікті, отансүйгіштікті үйренеді. Егер ата-ана өз ісімен үлгі көрсетсе, бала да сол қасиеттерді бойына сіңіреді. Керісінше, отбасында тәртіп пен өнеге болмаса, оның қоғамға да кері әсері тиеді.

Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған кезеңде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түсті. Өйткені жас ұрпаққа түрлі ақпараттар ықпал етуде. Осындай жағдайда ата-атаның ролі ерекше маңызды.

Адал қоғам дегеніміз не? Адал қоғам-заң үстемдігі сақталатын, әр адам өз міндетінге жауапкершілікпен қарайтын, жемқорлыққа жол берілмейтін, еңбек пен білім жоғары бағаланатын қоғам.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын бірнеше рет атап өтті. Мемлекет басшысы әділетті қоғам құру тек мемлекеттік органдардың міндеті емес, ол әр азаматтың күнделікті өмірінен басталатынын айтты.

Адал қоғамның негізгі белгілері қандай болмақ? Оған заңды құрметтеу, шыншылдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, білімге ұмтылу, қоғамдық мүддені жоғары қою және жемқорлыққа төзбеушілік кіреді. Бұл қасиеттердің барлығы ең алдымен отбасында қалыптасады.

Президент саясаты қандай? «Адал азамат» идеясы нені меңзейді? Соңғы жылдары елімізде жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінуде. Президентіміз ұлттық құрылтайдың отырыстарында «Адал азамат» идеясын ұлттық құндылыққа айналдыру қажеттігін айтты.

(Жалғасы 2-бетте)  
(Соңы. Басы 1-бетте)

ПЛЕНУМ

## БІР АУЫЛДАН САЙЛАЛДЫ

Жақында «Республикалық ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігі Жамбыл аудандық филиалында пленум өтті. Онда Жамбыл ауданы ардагерлер ұйымының пленум құрамын, Президиум мүшелерін тыңдау, ардагерлер ұйымының төрағасын сайлау жөніндегі негізгі үш мәселе қаралды.



«Республикалық ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов конференцияны ашып, Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымының өткен жылдары атқарған жұмыстарына жан-жақты тоқталды. Сол сияқты күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша Жамбыл ауданының әкімі Н.Ертасұлы, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Б.Әлиев, кәсіподақ ұйымының төрағасы Ә. Абаев, Бозой ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Т.Толыбаев сөз сөйлеп, өз ойларын ортаға салды.

Ал, ардагерлер ұйымының жаңа төрағасын сайлау мәселесі бойынша Ескелді Құдайбергеноұлы Қасымов сайлансын деген ұсыныс түсті. Көпшіліктің бірауыздан дауыс беруінің нәтижесінде Е.Қасымов жаңа төраға болып сайланды.

Ескелді Құдайбергеноұлы Қасымов 1958 жылы Жамбыл ауданының Үңгіртас ауылында дүниеге келген. Орта мектептен соң Еңбек Қызыл Ту орденді ауылшаруашылығы институтын ойдағыдай аяқтап, еңбек жолын Қастек асыл тұқымды қой зауытында механизаторлықтан бастаған. Осы зауытта бұдан соң жүргізуші, комбайншы болып жұмыс жасады. Өзінің еңбекқорлығының, алғырлығының арқасында біртіндеп қызмет сатысымен көтеріле білді. Комсомол ко-

митетінің, кәсіподақ комитетінің төрағасы болды.

1991-98 жылдары Қаскелең ауданындағы XXIII партсъезд атындағы ұжымшарда автограж менгерушісі, бас инженер, бөлімше менгерушісі, кооператив директоры қызметтерін атқарды. 1998-2009 жылдары жеке кәсіпмен айналысты. 2009 жылдан бастап, 2021 жылға дейін Жамбыл ауданының Бозой, Үлгілі, Қарғалы, Ұзынағаш ауылдық округтерінің әкімі, Жамбыл ауданы әкімінің аппарат басшысы, «Жамбыл су» мекемесінің директоры қызметтерін абыроймен атқарды. 2022-2025 жылдар аралығында Алматы облысы қоғамдық кеңесінің төрағасы болды. Қазіргі уақытта жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшысы болып қызмет жасайды.

Өз тілшімізден.

● АЛТЫН ДІҢГЕК

## Отан отбасынан басталады

Мемлекет басшысы адал азаматтың басты қасиеттері ретінде еңбекқорлықты, білімге құштарлықты, заңға құрметті, отаншылдықты, жауапкершілікті, адамгершілікті атады.

Бұл қасиеттердің қалыптасуында отбасының орны ерекше. Сондықтан мемлекет отбасы институтын нығайтуға бағытталған түрлі бағдарламалар мен әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асырып келеді.

Президент жастардың сапалы білім алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсуі елдің келешек дамуы үшін аса маңызды екенін атап көрсетіп келеді. Себебі адал қоғамды құратын да, оны дамытатын да-тәрбиелі ұрпақ.

Енді ұлттық құндылықтар мен тәрбиеге көңіл бұрайық. Қазақ халқының дәстүрлі тәрбиесінде адалдық пен ар-ұят мәселесіне ерекше мән берілген. Ата-бабаларымыз өз ұрпағын өтірік айтпауға, аманатқа қиянат жасамауға, уәдеде тұруға, үлкенді құрметтеуге, ел мүддесін қорғауға тәрбиелеген.

Бүгінде осы ұлттық құндылықтарды жаңғырту маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Президент те өз сөздерінде ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениетті сақтаудың маңызын ерекше атап келеді. Ұлттық тәрбие мен заманауи білім ұштастан кезде ғана жан-жақты дамыған, елге пайдалы азамат қалыптасады.

Отбасы мен қоғамның ортақ міндеттері бар. Баланың тәрбиесі-тек ата ананың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Мектеп, қоғамдық ұйымдар,

бұқаралық ақпарат құралдары және мемлекеттік мекемелер жастардың дұрыс бағытта тәрбиеленуіне ықпал етуі тиіс.

Әсіресе ардагерлердің өмірлік тәжірибесі, зиялы қауым өкілдерінің өнегелі жолдары жастар үшін үлкен мектеп болып табылады. Ұрпақтар сабақтастығы сақталған жерде ұлттық құндылықтар да жоғалмайды.

Қоғамда адалдық қағидаларын орнықтыру үшін отбасы тәрбиесін күшейту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жастардың білім мен еңбекке қызығушылығын арттыру, заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа қарсы қоғамдық көзқарасты нығайту қажет.

Қорыта айтқанда, адал қоғам құрудың бастауы-отбасы тәрбиесі. Тәрбиелі отбасынан шыққан ұрпақ қана елдің болшағын жарқын етеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Әділетті Қазақстан» мен «Адал азамат» идеяларының түпкі мақсаты да-жауапты, білімді, еңбекқор және отаншыл ұрпақ қалыптастыру.

Әрбір ата-ана баласының бойына адалдық пен адамгершілік қасиеттерін сіңіре алса, әрбір азамат өз ісіне жауапкершілікпен қараса, Қазақстанның болашағы бұдан да жарқын болмақ. Адал азамат-адал қоғамның негізі. Ал адал қоғам-қуатты мемлекеттің кепілі екенін естен шығармасқ.

**Е.С.ТҰРЫМБЕТОВ,**  
Алматы облысы Ардагерлер ұйымының төрағасы.

● ҰЛТТЫҚ РУХ

## ЕРЛІК- САНАЛЫ ТӘРБИЕНІҢ ЖЕМІСІ

**Бауыржан Момышұлының: «Ерлік — табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі, Отан алдындағы қасиетті парызыңды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзінді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі» деген нақылы – нағыз батырлықтың мәнін терең ашып берген дана сөз. Бұл ойдың астарында үлкен философиялық мағына жатыр. Ерлік адамның бойындағы тума қасиет емес, ол тәрбиенің, өмірлік тәжірибенің және рухани кемелденудің нәтижесінде қалыптасады.**

Нағыз ерлік өз еліне, туған жеріне, Отанына деген шынайы сүйіспеншіліктен туындайды. Батырлық – бір сәттік әрекет емес, ол ұзақ жылдар бойы бойға сіңген тәрбие мен саналы таңдау нәтижесі. Адамның бойындағы ерлік сезімін ояту үшін алдымен рухани байлық, адалдық пен жауапкершілік қасиеттері қалыптасуы керек. Ер адам өз парызына адал болғанда ғана, қиын сәтте қорқақтамай, ел намысы үшін күресе алады.


Бауыржан Момышұлы өзі айтқандай, ерліктің түп тамыры – тәрбиеде. Әскери тәрбие адамның бойына тәртіптілік, сабырлық, төзімділік пен батылдық қасиеттерін сіңіреді. Ал рухани тәрбие жүрекке намыс, елге деген сүйіспеншілік ұялатады. Сол арқылы адам өз борышын түсініп, қиындық алдында қаймықпай, саналы түрде ерлікке бара алады. Бауыржан Момышұлының бұл сөзі тек соғыс кезіндегі батырлыққа ғана емес, қазіргі өмірге де тікелей қатысты. Ерлік тек майдан даласында емес, бейбіт күнде де көрініс табады. Мысалы, дүрігердің адам өмірін құтқаруы, мұғалімнің балаларға білім беру жолындағы еңбегі, өрт сөндірушінің қауіпті жағдайда өз өмірін тәуекелге тігуі де-ерлік. Өйткені әрқайсысы өз парызын адал атқарып, ел игілігі үшін қызмет етіп жүр.

Біздің халқымызда батырлық пен ерлік ұғымдары ежелден ерекше құрметтелген. Қазақ тарихындағы Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Исатай мен Махамбет сияқты батырлар ел мен жердің тұтастығын қорғап,

ұрпаққа өнеге қалдырды. Ал XX ғасырда Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия мен Мәншүк сияқты ерлердің ерлігі ұлт рухын асқақтатты. Бұл тұлғалардың барлығы да табиғатынан батыр болып туған жоқ, оларды ерлікке баулыған – елге деген махаббат, намыс пен тәрбие.

Бауыржан Момышұлы ерлікті табиғи қасиет емес, тәрбиенің, саналы шешімнің жемісі деп түсіндіреді. Яғни, адам батыр болып тумайды, батырлыққа тәрбиеленеді. Ер адамды елін, жерін, халқын сүйуге баулу – ең маңызды борыш. Әскери тәрбие – тек қару ұстауды үйрету емес, ол – ерік-жігерді, намысты, рухты, жауапкершілікті шыңдау. Мысалы, Ұлы Отан соғысы кезінде мыңдаған қазақ жауынгерлері өз өмірлерін қатерге тігіп, Отанын қорғады. Олар Бауыржан Момышұлының осы қағидасын іс жүзінде дәлелдеді. Сол ерлердің ерлігі ұлттың ұранына айналды. Бұл – тәрбиенің, саналы борыштың, Отанға деген махаббаттың нәтижесі.

Бүгінгі бейбіт заманда ерлік – елге, жерге адал қызмет ету, өз ісіне жауапкершілікпен қарау, әділдік пен адамгершілік қағидаттарын сақтау. Қазіргі жастарға ең қажет қасиет – осындай рухани батырлық. Өйткені нағыз ерлік – тек қару ұстап, жауға қарсы шығу емес, өзіңді жеңу, қорқыныштан биік тұру, қиындыққа мойымау. Ерлік тек соғыста емес, күнделікті өмірде де көрінеді. Білім жолында табандылық таныту, ата-ананы қадірлеу, әлсізге қамқор болу, әділдік үшін күресу – бұлар да ерлік-



тің белгілері. Өйткені ерлік – өзіңнен жоғары мақсат қою, адамгершілікті биік ұстау.

Қорытындылай келе, Бауыржан Момышұлының нақылы – әр қазақтың жүрегіне жететін ұлы өсиет. Ерлік – табиғи қабілет емес, ол – тәрбиенің, намыстың, рухтың және Отанға деген сүйіспеншіліктің жемісі. Әр адам өз бойындағы батырлықты оятып, ел мүддесін жоғары қоя білсе, еліміз ешқашан еңсесін түсірмейді. Ерлік – ұлт рухының мәңгілік символы. Сондықтан әрқайсымыз осы ұлы қасиетті бойымызда сақтап, оны келер ұрпаққа үлгі етуіміз керек. Ерлік – ұлттың рухын көтеретін, елдің болашағын нұрландыратын мәңгілік ұғым. Әрқайсымыз осы қасиетті жүрегімізде сақтап, оны өміріміздің басты қағидасына айналдырсақ, еліміздің болашағы да жарқын болары сөзсіз. Себебі ерлік – мәңгі өлмейтін рух, ұлттың намысы, елдіктің белгісі.

**Құралай САЛИЕВА,**  
Қаскелең гуманитарлық-техникалық колледжінің білім алушысы.

● ТАРИХТАН СЫР

## Ақылман, абыз Әлмерек

**Кез келген мемлекет өткен тарихынан сабақ алған, ұлы тұлғаларын әспеттеген. Осыған орай Қарадала шайқасында ерен ерлік көрсеткен Әлмерек Жаншықұлы өнегесі хақындағы ойды оқырман назарына ұсынып отырмыз.**

Қазақ жеріне жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі ірі шайқастар Жетісу өңірі Қарадала аймағында да өткен, бұл оқиғалар әлі күнге дейін толық зерттелмей жүр. Оның бір себебі – қытай мұрағатындағы (манчжур-қытай тіліндегі) матери-алдардың жабық болуында. Кезіндегі Еуропа тарихындағы «Марафон жазығындағы» шайқас, «Каталаун даласы» шайқастары кең дәріптеліп, зерттелген болса, ауқымы жағынан олардан артық болмаса кем түспейтін Қарадала аймағындағы шайқастар тарих ғылымында мұрты бұзылмаған күйінде жатыр. Отарлаушылар «Қарадала» атауын санамыздан қаншалықты өшіруге тырысса да, ол халықтың тарихи жадында сақталып, тіпті кейінгі отарлық барлау экспедицияларының материалдарында тайға таңба басқандай көрсетілген, мысалы: «Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и зем-лепользования в Семиреченской области / Собранные и разработанные под руководством П.П.Румянцева» (Т.З.Джаркендский уезд киргизского хозяйства. С.-Петербург, 1912) деп аталатын кітаптағы Албан рулары қоныстары туралы айтылғанда, олардың жайлау, қузеу, қыстауларының арасында «урочище «Кара-дала» деген атау жиі кездеседі(177, 223, 225, 227, 228, 229, 234, т.б. беттерде).

Қарадала жазығы және ондағы қиян-кескі шайқастар небір батырларды тарих сахнасына шығарды. Ал ондай батырлар халық жадынан ешқашан өшпеген. Солардың бірі әрі бірегейі – Әлмерек Жаншықұлы. Ол – соғыс өнерін шебер меңгерген

қолбасшы, сөз қадірін ұғынған шешен, ақылман-абыз, қасиет дарыған тарихи тұлға. Негізгі мәліметтерге жүгінсек, «Әлмерек Жаншықұлы (1658–1754) – халық батыры, шешен, абыз. Басты деректер халық ауыз әдебиеттерінде, батырлық жырларда жақсы сақталған. Энциклопедиялық еңбектерде Әлмерек Жаншықұлы туған жері бірдей көрсетілгенімен, «Айбын» энциклопедиясында: «1658 жылы қазіргі Алматы қаласындағы «Әлмерек тоған» (бұрынғы Гагарин аулы) деген жерде туған. 1756 жылы қайтыс болған» деп, ал «Жетісу» энциклопедиясында «Әлмерек Жаншықұлы – 1658 жылы Әулиеата маңайында дүниеге келген (қазіргі Жамбыл облысы), 1754 жылы Алматы өзені жағасында (қазіргі Әлмерек аулы) қайтыс болған батыр, шешен, көріпкел» деп көрсеткен.

Қытайдағы қазақтардың берген мәліметі мен деректері негізінде жазылған Әскер Тойғанбектің «Қайран елім» деген деректі романында жан-жақты тұлғалық портреті жасалып, жоңғар қонтайшысы Ғалдан Бошактудың Шығыс Жетісу жеріндегі қазақтарды бағындыруға 10 мың қолмен жіберген бас қолбасшы батыры Шонжымен болған жекпе-жекте Әлмеректің жеңіске жеткендігі, Шонжының басын алғандығы баяндалған.

Бұл мәліметтерді бүкіл өмірін Әлмерек баба мен Д.А.Қонаевтың тұлғалық тарихын жазуға арнаған Ораз Қауғабай да өз кітабында растайды. Сонымен қатар Төлен Қауыпбайұлының «Бабалар аманаты», «Суырылған семсерлер» кітаптарында ауыл тұрғындарының жазба деректерін (Айтуған Шәйімов – Кеген аулы; Оразалы Батырбеков – Шыбышы ауылы) пайдалана отырып, Әлмеректің тарихи бейнесін жасаған. Сонымен қатар Әлмерек Жаншықұлына қатысты көптеген мақала



мен баяндама түрлі ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында берілген.

Әлмерек Қарадала алқабындағы 1683 жылғы шайқасына дейін болған шайқастарға да қатысқан. Айталық, жоңғар батыры Шонжының 10 мың әскерін Әлмерек батыр қолбасшылық еткен 6 мың әскердің ойсыратуы – тарихта әлі де жазыла қоймаған тарихи жеңіс еді. Әлмеректің жанында мыңбасылар, жүзбасылар Албан Хангелді, Шыпырашты Түрікпен, Дулат Өтегүл, Биеке, Байсейіт, інісі Олжай, т.б батырлармен бас қосып, жоңғарлардың 10 мың қолын тоз-тозын шығарып, жерімізден түре қуып тастаған. Ереуіл аты мен егеулі найзасы қолынан түспей Алматы маңы, Қорам, Шелек, Сөгеті, Бұғыты, Көкпек, Торайғыр, Қулық, Қату, Сарыбастау, Жабыр маңында қалмақтарға ойсырата сокқы беріп, ата-бабалар мекенінен қуып шығып, өзінің үрім-бұтағын қоныстандырған.

Ол қартаю бастаған шағында әскерде сарбаз жаттықтырумен айналысады. Шәкірттерінен атакты Райымбек батыр, өз немересі Саурық батыр шыққан. М.Әуезовтің «Қилы заманында» айтылған Ұзақ батыр да – осы кіндік тікелей ұрпағы.

Жаугершілік кезеңде ерлігімен батыр атанған, қол бастаған Әлмерек бойына сіңген қасиетінің арқасында бейбіт заманда әділ билік айтқан

би болған, ел басқарған. Жасы ұлғайғанда бүкіл елді аузына қаратқан абыз атанған.

Әлмеректен бес бала тараған: Жәнібек, Баба, Құрман, Тоған, Қаракісі. Ұрпақтарының ішінен ел қорғаған батырлар, елге сыйлы би-шешендер шыққан. Жетісу өңіріндегі 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі Ұзақ батыр, атакты күйші Қожеке Назарұлы, жазушы Бердібек Соқпақбаев Құрманнан тараса, ал қалмақтарға қарсы күрескен Байсейіт батыр, Пұсырман би, Ресей империясына қарсы тұрған Тазабек, Жақыпберді, Әубәкір сияқты тұлғалар – Әлмеректің үлкен ұлы Жәнібектің тікелей ұрпағы. Әлмеректің екінші баласы Бабадан – Қашаған, Тұрысбек; Тоғаннан – Баржық батыр, Адыр шешен; кенжесі Қаракісіден – Қорам, Бекбау сияқты батырлар шыққан. Әлмерек ұрпақтары Қытайда, Моңғолияда, Өзбекстанда, Қырғызстанда тұрады. Халықтың жадында Әлмеректің шығарған даналық сөздері, қара өлең шумақтары сақталған. Іле ауданындағы бұрынғы Гагарин стансасы 2000 жылдан бері Әлмеректің есімімен аталады.

Қорыта айтсақ, Қарадала өңіріндегі қиян-кескі шайқастарда сан мәрте ерлік көрсетіп, жоңғардың Шонжы батырын жекпе-жекте жер жастандырған Әлмерек Жаншықұлы – бүгінге үлгі боларлық, тәуелсіз елдің ертеңінің қорғаны болар патриоттарға рух беретін қасиетті де күдіретті әрі батыр, әрі би, әрі абыз. Ол – ұрпақтар санасынан ешқашан өшпейтін тарихи тұлға.

**Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ,**  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры, ҰҒА корреспондент-мүшесі.

## Абыз бабам Әлмерек

Абыз бабам, батыр бабам Әлмерек, Жемісі мол, саялы сіз бәйтерек. Ел тағдыры таразыға түскенде Сіз болмасаң бұл өмірде қайтер ек?!

Күрсініп тұр асау Іле жағасы Әлмеректің сілкінді ғой санасы. Сүмелеңдеп еніп кірген жеріме Бұл жоңғардың қорлығына қарашы!

Барын талап, малын ұрлап қазақтың Арпалыспен өтті талай азап күн. Мал табылар елім аман болсын деп, Тәңірінен күтті абыз азат күн.

Қарт абызды мазалады сан ойлар Не бақытым, не басыма сор ойнар. Шыдамның да шегі бар ғой жетті енді, Алдымда әлі жорғалайды торайлар.

Қарадала-біздің алтын тұтқамыз. Деді дағы жекпе жекке шықты абыз. Есіргенін естерінен тандырып, Талай мәрте індеріне тыққанбыз.

Батырына ат та серік мұндайда Жалды торы ат көніп жүрді ыңғайға Өкіріп кеп құлап түсті Шонжы дәу Қайқы қылыш қылша мойнын қиғанда

Ашық болса екен деп тіледің жол бүгін Майланса ғой деп тіледің қоржыным Мыңбасы екен әпербақан әңгүдік Басы кетті қанжығада Шонжының!

Қанша мәрте жоңғар бізге тас атты Талай біздің көзімізден жас ақты Абыз бабам ерлігіңмен өзіңнің Ақыры міне, жерімізді босатты.

Алла сіздің жолыңызды оңғарды Бас идірдің ата жауың жоңғарды Қас батыр боп Райымбек шықты да Батаңыз бен туыңызды қолға алды.

Құтты болсын батыр баба, тұғырың, Мәңгі болсын абыз баба ғұмырың. Әр күн сайын еске алатын өзінді Мен де сіздің бір бұтағын, бір ұлың!

**Бексұлтан КӨЛБАЕВ.**

● ИЗ ЦИКЛА «ЖЕНЩИНЫ СЕЛА ЖАНА-АРНА»

## ПОЛСОТНИ ВНУКОВ АЖЕШКИ ЗИБАГУЛЬ

Продолжаю свои маленькие рассказы из заявленного ранее цикла «Женщины села Жана-Арна». Сегодняшнее моё повествование - о Бердаулетовой Зибегуль аже. На её долю, за восемь десятков прожитых лет, выпало немало испытаний, но я и по сей день удивляюсь душевному теплу и благодарности за судьбу этой женщины, созданному и сохранённому вместе с супругом домашнему очагу, а также переданному ими своим детям и внукам богатому наследию, своеобразному аманату взрослым детям.

Родилась она в конце войны, в 1945 году, в Туркменской ССР, южной окраины СССР, ставшего в тот период её глубоким тылом. В течение всей войны республика поставляла в фонд обороны нефть, мясо, шерсть, хлопок, продукцию тяжёлой и перерабатывающей промышленности с эвакуированных предприятий и фабрик из западных регионов Союза. В этом участвовало и казахское население.

По данным переписи, в довоенные годы казахов в республике проживало порядка 60 тысяч человек. Жили, понятно, небогато, учиться тоже было сложно. Осилить только пять классов средней школы, Зибегуль начала помогать родителям по хозяйству.

В 19 лет Зибегуль вышла замуж, и вскоре супруга призвали в армию. В то время, решением Совета Министров СССР, согласно принятому Закону о воинской обязанности, сроки службы в сухопутных



войсках и авиации составляли три года (на флоте - четыре года). Вот так молодой жене пришлось ждать супруга три года.

По окончании службы Берикбай, после специальных курсов, пошёл работать бухгалтером, так как имел склонность к точным наукам. Все их дети родились в Туркмении, но с распадом СССР и появлением независимых республик

изменилось и мышление у граждан некогда единой страны. Взоры всё чаще обращались на историческую родину, которую когда-то, в голодные и лихие годы, вынужденно покинули их предки.

Не затягивая с решением, в 1991 году семья переехала под Алматы. По совету живших там родственников они поселились в 2-м отделении совхоза «Рассвет» - селе Жана-Арна. Специальность пришлось сменить и Зибегуль: вместо санитарки она стала в хозяйстве свекловичницей, а Берикбай сменил счётную работу на должность поливальщика, а затем освоил профессию кузнеца.

Некоторые из старших детей (две дочери и сын) уехали искать счастье на запад Казахстана, в Актау, где и пустили свои корни. Остальные семеро детей стали, как и родители, жителями родной им Жана-Арны - одного из ближайших сёл Жанаалыка.

Десять лет назад не стало их отца,



но к тому времени все дети уже были взрослыми и самостоятельными.

Добросовестный труд родителей не пропал даром. Как передовики в полеводстве, семья получила от совхоза благоустроенный дом, имела своё крепкое подворье и растущий род. Ну а что ещё сельским, семейным людям надо?

Если оглянуться на прожитые годы, Зибегуль аже вполне может сказать: «Аллаға шүкір!» Все здравствующие дети подарили им 50 (!) внуков, а последние, в свою

очередь, - 34 правнука! Существенный, надо сказать, вклад в демографический рост страны!

У нашей героини теперь одна забота - курсировать по маршруту Алматы - Актау с гостевыми визитами либо возвращаться в село, где для неё всегда открыты до десятка родных дверей, не считая дома дорогих ей односельчан, рядом с которыми она живёт вот уже 35 лет.

**Галина ИГИБАЕВА,**  
жительница микрорайона  
Жана-Арана г. Алатау.

● СПОРТ И МОЛОДЕЖЬ

## ПОБЕЖДАТЬ ПО-ГЕНЕРАЛЬСКИ: путь к новым победам!

12 лет назад, когда в пригородном селе имени Мухамеджана Туймебаева Илийского района открывался данный спортивный клуб, вряд ли кто-то мог предположить, что его ждёт такая известность. Но сегодня, перефразируя известную поговорку, ещё раз убеждаешься в её верности: «Как назовёшь клуб...».

А назвали его тогда громко: «Sagadat Batyr-QTT», в полном варианте - спортивный клуб имени генерала Сагадата Нурмагамбетова. Напоминание послужило списком нашего легендарного соотечественника. Он-участник Великой Отечественной войны, Герой Советского Союза, Халық қаһарманы, генерал армии, первый министр обороны суверенного Казахстана. Взять такое имя и почётно, и ответственно одновременно. Кто не знал, почётным президентом клуба является Ерболат Турумбетов, уважаемый в Алматинской области человек, председатель областного Совета ветеранов, кавалер Ордена «Құрмет».

Сегодня спортивный клуб имени Сагадата Нурмагамбетова бесспорно стал самым узнаваемым в спортивных кругах не только Алматинской области, но и всей страны. И в этом немалая заслуга основателя клуба, обладателя чёрного пояса по джиу-джитсу Нурсултана Орынбасарова. Нурсултан, несмотря на молодой возраст уже вполне титулованный спортсмен и общественник: тренер, лидер молодёжного движения «Алатау Жастары», депутат областного маслихата, учредитель благотворительного фонда «Bagutty bolashag», а с недавних пор ещё и тренер по физической подготовке в рамках пилотного проекта Министерства обороны «Sarbaz+».

Каковы же спортивные достижения клуба?

Его гордость и самая яркая звезда - это Жибек Кулымбетова, 12-кратная чемпионка мира по джиу-джитсу и грэпплингу среди молодёжи. В прошлом году на чемпионате мира в Таиланде она в очередной раз сотворила сенсацию. В возрасте 17 лет она бросила вызов взрослым соперницам в более тяжёлой весовой категории. И что вы думаете? Всех победила и поднялась на высшую ступень пьедестала! Жарайсың, Жибек!

Клуб воспитал целую плеяду чемпионов и призёров престижных международных и республиканских турниров (таких как World Jitsu Championship в Абу-Даби, Abu Dhabi Grand Slam и др.).

Ключевые чемпионы и лидеры клуба. Нариман Даулабаев - не только тренер клуба, но и действующий спортсмен, удосто-

енный благодарности Президента РК.

Бексултан Мадамин - обладатель золотых медалей международных первенств (включая Gymnasium Cup). Магжан Марат - золотой призёр молодёжного чемпионата мира в Абу-Даби. Амина Каухарбек - чемпионка мира среди молодёжи в Абу-Даби. Амир Баймухан - победитель



мирового первенства по джиу-джитсу. Малика Салимова - обладательница золотой медали чемпионата мира в Абу-Даби. Балайым Кумар - чемпионка мира в своей возрастной категории. Алина Махамбет - обладательница золотой медали чемпионата мира. Арсен Жунисов - победитель мирового первенства. Санжар Буханов - золотой медалист международного уровня «Sagadat Batyr-QTT».

Ну и самая и ещё одна новость. Аилин Исакова стала обладательницей «золота» престижного турнира Abu Dhabi Grand Slam Jiu-Jitsu World Tour 2026. Это соревнование собрало более 2 тысяч атлетов из 70 стран мира. Наша спортсменка выступала в весовой категории до 20 кг и

в возрастной группе 6-7 лет. Она - самая юная чемпионка клуба. Интересно, что её тренер Нариман Даулабаев также стал обладателем «бронзы» среди владельцев коричневых поясов.

Недавно на центральном стадионе села Отеген батыр в честь международного дня борьбы со злоупотреблением наркотическими средствами и их незаконным оборотом состоялся открытый международный турнир по джиу-джитсу «Sagadat Batyr VI». Об этом мы расскажем в ближайших номерах «Алатау Ардагері».

Особенно ценно, что спортклуб «Sagadat Batyr - QTT» уделяет большое внимание созданию современной спортивной инфраструктуры в сёлах. Главная тренировочная база клуба была открыта в селе имени М.Туймебаева. Благодаря привлечению крупных спонсоров (включая фонд «Самрук-Қазына» и Ассоциацию боевых искусств Казахстана) зал укомплектовали профессиональным оборудованием и лучшими борцовскими матами, предоставив сельским детям условия уровня элитных городских фитнес-центров.

Проводится масштабное расширение сети филиалов. Клуб целенаправленно идёт в отдалённые аулы района, где раньше не было спортивных секций. Одной из ярких инициатив стало открытие нового современного тренировочного филиала в селе Жайнак Илийского района.

Проведение международных турниров мирового класса: клуб переносит крупные спортивные события из мегаполисов в регион. В детско-юношеской спортивной школе (ДЮСШ) села Отеген Батыр клуб регулярно проводит масштабный международный открытый турнир по джиу-джитсу Sagadat Batyr Cup, собирающий более 400 спортсменов из нескольких стран.

Бесплатный спорт для социально уязвимых детей. Клуб внедрил практику бесплатных тренировок для сирот, детей из малообеспеченных и многодетных семей Илийского района, убрав финансовый барьер для занятий единоборствами.

Повышение квалификации местных тренеров. Основатель клуба Нурсултан Орынбасаров (обладатель чёрного пояса) регулярно проводит мастер-классы и семинары для сельской молодёжи. Сюда же, в Илийский район, для обмена опытом клуб привозит мировых звёзд спорта, таких как трёхкратная чемпионка мира по рукопашному бою Сора Рахмонова и других.

На сегодня, по самым скромным подсчётам, во всех филиалах клуба «Sagadat Batyr-QTT» занимается более тысячи человек. И эта цифра неуклонно растёт. Как видим, имя легендарного генерала Сагадата Нурмагамбетова ребята несут достойно. Побеждая на татами по-генеральски! То есть, грамотно, уверенно, не оставляя шансов противнику! Так держать!

**Рамазан Е.ЛЕШЕВ.**

● ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

## ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ-БАСТЫ МІНДЕТ



Шелек аулындағы политехникалық колледжі-Алматы облыстық білім басқармасына қарайтын облысқа танымал оқу орны. 2026 жылдың 22 маусымында осы білім орнында ардагер оқытушы ұстаз, колледж ата-аналар кеңесінің төрағасы, запастағы капитан Әсет Көшербайұлы ағамыз бен колледж директоры Қуат Құрманғалиұлының ұйымдастыруымен облыс деңгейінде кездесу-жиын өтті.

«Колледж студенттері заман талабына сай ата заң мен тәртіпті жақсы білетін, білім алумен бірге бойында отаншылдық рухы, патриоттық сезімі мен ұлттық намысы жоғары азаматтарды тәрбиелеп, қалыптастыру» тақырыбындағы кездесуге республика, облысқа танымал ардагерлер арнайы шақырылды.

Колледждің конференция залында ұстаз, студенттер қонақтарды әскери тәртіппен тік тұрып, әскери сәлеммен қарсы алды. Жиын әнұранмен басталды. Жиынды жүргізген Әсет Көшербайұлы жиынға қатысып отырғандарға республикаға танымал, батагөй Ерболат Алиядин мырзаға бата бергізіп, жиынды жалғастырды. Кездесуге қатысқан ұстаз, студенттердің өтініш-тілектері бойынша еркін тақырыптағы кездесудің сұрақ-жауап түрінде өте қызықты өткені сондай, 5-6 сағатқа жалғасты. Бұл кездесу оқу жылының соңындағы колледж ұстаздары мен студенттерге ерекше рух беріп, мотивация болды. Арнайы алтын уақыттарын бөліп келген құрметті қонақтарға аудан әкімі Талғат Байеділовтың, аудандық мәслихаттың төрағасы Бекет Ахметовтың, аудандық ардагерлер төрағасы Жұман Мықыбаевтың «Алғыс хаттары» тапсырылды. Кездесу-жиында ҚР Еңбек сіңірген қызметкері «Алаш-Прайд» спорт клубының төрағасы Ерболат Алиядин мырза Әсет Көшербайұлын «Алаш-Прайд» орденімен марапаттаса, Қуат Дүйсебаевқа, Изимжан Тұрғановқа «Кемел Тоқаевтың» төсбелгісін тақты. Дәулетбек Жанботаев колледж директоры Қуат Дүйсебаевты, Әбілбек Айтқыновты Д. Қонаев атындағы «Мерей» орденімен марапаттады. ҚР-ның бірінші Қорғаныс министрі болған Сағадат Нұрмағанбетов медалін Әсет Көшербайұлына, Б. Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалін Серік Байсыбановқа Дәулетбек Жанботаев мырза табыстады. Ауған соғысының ардагері Дүйсен Мағлұмов Ауған соғысы ардагерлері атынан Әсет Көшербайұлы ағамызға арнайы шекпен жапты. Б.Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалін Рефат Сауытовқа табыстады. Әсет ағаның сұрауы бойынша әнші, сазгер Дәулетбек мырза қазақтың киелі домбырасымен үш өлең айтып, жиынға қатысқандарға, әнші термешілік өнерімен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Колледж директоры Қуат мырза бастаған ұжым кездесуге келген құрметті қонақтарға қазақтың шекпенін жауып, құрмет-қошметті көрсетті. Кездесуді ұйымдастырғандарға келген қонақтар риза көңілмен рахметтерін айтты.

**Серік БАЙСЫБАНОВ,**  
колледж директорының орынбасары.  
Шелек ауылы Еңбекшіқазақ ауданы.

## ШӘКІРТТЕРІММЕН МАҚТАНАМ

Өз басым мұғалім болғанымға қуанам. Анам марқұм менің мұғалім болғанымды өте қатты қалады. Өзінің жастық шағы соғыспен тұспа-тұс келген анам кәрі әке-шешесіне қарайлап, Ұлы Отан соғысынан қайтпай қалған бауырын ойлап, мұғалімдік оқуды оқи алмағанын ылғи өкінішпен еске алатын.

1978 жылы 2 қазан күні мен алғашқы жалақымы мектептен алып келгенде, марқұм анамның қуанғанын жылап жібергені әлі есімде. Ойға алсам, мен де жылап қаламын. Қайран уақыт-ай десенші, зымырап өтіп барды. 45 жыл ұстаздық етіп, талай шәкірт тәрбиеледім. Талай шәкіртті биік белестерді бағындырды. Елдің алғысына бөленіп, биікте жүрген шәкірттер жетерлік, оларды мақтан етемін, көрген сайын көңілім толады. Білім берген, тәрбие көрген шәкірттерім 20 жылдық, 30 жылдық, 10 жылдық кездесулер жасап, ылғи да шақырады. Орталарында мәз болып отырамын. Сондай кездесулердің бірі биыл болды.

Біраз уақыт бұрын сыныбымадағы әдемі, әдепті Жәния қызым хабарласты: «Апай, біз биыл 20 жылдық кездесу жасаймыз», – деді. Сол кезде қуанғаным сонша, көзіме жас келді.

Мектепте оқып жүргенде бәрі сайдың тасындай гимназия сыныбы оқушылары болды. Мектеп әкімшілігінен бір ескерту жасалса, жаным шығатындай әр оқушымы қорғаштаушы едім. Бірақ мен былай деп ақылы айтамын: «Мен сендерді аяймын, бірақ өмір, тағдыр сендерді аямайды». Барлығы да өмірдің талай соқпағынан өткен, өздерінің ой-пікірі бар азаматтар болыпты. Ер жеткен, ес тоқтатқан оқушыларды көргенде қатты толқыдым, балалық шақтары есіме түсті.

Мектепте болған оқушылық өмірдің көп қызықтарын еске алдым. Әсіресе мүшел жасқа келдім, мүшел той жасаған кезді еске алып, біраз күлдім. Келе алмай қалған оқушылар әлеуметтік желі арқылы хабарласты. Астанадан асыға жеткен Шынарды көргенде ерекше



сезімде болдым. Марал қызым өзінің жездесі Бакыт марқұмның ісін жалғастырып, «ат тұяғын тай басар» деген ұранмен «Албан» атты мейрамхананы басқарып келеді. 20 жылдық кездесуге келген оқушылар осы жерде бас қостық. Керемет көңіл күй сыйлады. Қимай-қимай қоштастық. Оқушыларымыз өздерінің жеткен жетістіктерін айтқанда, жақсы ер-азаматтар болғанына ұстаз ретінде риза болдым. Одан артық бакыт бар ма?! Бәріміз де ерекше сезімде болдық. «Енді 30 жыл-

дық кездесу жасайық» деп үлкен үмітпен тарадық.

Ұстаз ретінде осы кездесуді ұйымдастырып, әр адаммен жылы сөйлесіп, тілін таба білген әдемі қызым Жәнияға, ас мәзірін ерекше етіп жасаған, қонақжай қызым Маралға рақмет! Марал сынып старостасы ретінде үлкен жұмыс жасады. Келесі кездескенше, менің аяулы, әдемі, ақылды шәкірттерім!

Рая САРТОЛОВА.

### ОЙТОЛFAQ

## МЕН БОЛАШАҚҚА СЕНЕМІН

Бүгінгі тұрмысымыз жаман емес, жақсы. Еліміз әлемге танымал. Кейде бұдан да жақсы өмір сүруге болар ма еді деген ой келеді санаға. Болашақты ойлай отырып, өткен жылдарды еске алуға тура келіп тұр.

1961 жылы 17-31 қазанда Мәскеуде өткен СОКП XXII съезінде Қытай Компартиясының делегаттарын басқарып келген Чжоу Энь-Лай баяндама жасады.

Чжоу Энь-Лай өз баяндамасында мемлекетті саясаткер басқармау керектігін айтты. «Мемлекетті тәжірибесі мол, ауыл шаруашылығын басқарған білікті маман басқарса, елде ауыл шаруашылығы дамиды. Ауыл шаруашылығына керек техника жасайтын зауыттарды іске қостырған тәжірибелі, білікті инженер басқарса, елде зауыттар жұмыс істей бастайтынын, ал саясаткерлер сол басшылардың бағдарламаларын халыққа айтып, түсіндіріп жүретіндер болуы керектігін айтты. Егер елді саясаткерлер басқарса, «бізде бәрі жақсы» деп, тек декорация жасап, үлкен іргелі жиындар өткізіп жүре береді. Халыққа қажет дайын тауарлар өздерінен шықпайды, елдің экономикасы құлайды» деді.

Сол уақытта жасаған баяндамасы «Экономика – маршал, политика-послужный солдат» деген атпен кішкентай кітапша болып та шықты. Өкінішке қарай, СОКП басшылары осы съезден кейін Қытай коммунистік партиясымен қарым-қатынасты үзді. Бұқаралық ақпарат құралдарынан, кітапханалардан сол айтылған материалдарды алдырып тастады. Дегенмен, сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу жастар Чжоу Энь-Лайдың баяндамасында айтылғандарды жақсы есте сақтап қалды.

Сол кездері тамақ өнімдері мен киім-кешектер дефицит болып қалатын еді. Бастауыш партия ұйымдарында саяси экономиядан сабақ

өтетін кездері біз мұғалімдерден «Неге басқа елдерден қосымша осы өнімдерді алмаймыз?» деп сұрасақ, олар «басқа елдерден келген өнімдерді өз ақшамызға сатып аламыз, бірақ оларға біздің ақшамыз керек емес. Шекараға барып өз ақшаларына ауыстырып беруді сұрайды. Оларда біздің сатылған өнімдеріміз болмаса, олардың ақшасы да бізде болмайды. Үкімет сол елдің банктерінен қарыз алуға мәжбүр болады. Қарыз жылдан жылға көбейе берсе, бір күні



халықаралық сотқа береді. Қайтаратын сол елдің ақшалары болмаса, қарызды өтеуге мемлекеттің жерін сұрайды. Сол себепті өзімізден экспортқа сатылған тауардан артық импорт кіргізуге болмайды» дейтін.

Кеңес үкіметі кезінде барлық қолдануға дайын өнім шығаратын зауыт-фабрикалар Ресейде болды. Орта Азия республикалары тек шикі өнім шығарушы ретінде еді. Егемендік алса да неоколония жағдайға түседі.

Көрші өзбек елі конституциясын өзгертеп, Чжоу Энь-Лайдың баяндамасында айтқандарын іске асыра бастады. Елдегі күшті,

тәжірибелі инженерлерді Ташкенттегі жоғары партия мектебіне шақырып, лекция оқып, әр семинаристің қасына құпия түрде ҰҚК-нің қызметкерін бекітіп қойды. Олар оның қандай әдет, мінездері бар екенін біліп отырды. Емтихан алып, 25 инженерді таңдады. Олармен бөлек сөйлесіп, ел экономикасын алға тартатын локомотив болатындығын жеткізді. «Республикадағы барлық бірінші хатшыларда құпия конверт болады. Сол конвертте сендердің тізімдерің жазылған. Қандай көлемде қызмет атқарғыларың келсе, сол жердің бірінші хатшысына барыңдар. Аудан көлемінде істегілерің келсе, аудандық бірінші хатшыға, республика көлемінде істегілерің келсе, республикадағы бірінші хатшыға барыңдар. Уақытты босқа өткізбей, осы семинардан кейін бара беріңдер. Құпия конверт келеді деп айтыңыздар» деп тапсырды.

Тағы бір ескерткені, «басшылардан жұмыстарыңызға келергі жасап, дұрыс емес жолға итермелейтіндер болса, ерегіспей жұмыстан шығып кетіңіздер. Сіздер біздің бақылауымызда боласыздар. Басшы болып жүрген адамдар өмірдің түрлі жолдарын біледі. Сіздердің өмірбаяндарыңызды бүлдіріп жүрмесін. Тез арада тексеру жібереміз» деді. Көрші елдің бір айырмашылығы, Кеңес үкіметі кезінде де кадр бөлімінде жұмыс істейтіндер жергілікті ұлт өкілдерінен болатын. Оларды жергілікті атқару органдары бекітеді.

Кеңес үкіметі құлайтынын білгендей, неоколония жағдайына түспейтін шараларды қолданып, халқына күнделікті керек дайын өнімдерді өздері шығаратын болды. Солтүстік көршінің газет, журнал, кітаптарын кіргізбей, телебағдарламаларды мемлекет тілінде ғана сөйлейтін етіп қойды. Осы күндері сырт елдерден қарыздары жоқ.

Мен де ел басқарып отырған өз азаматтарымыздың білімділігіне, іскерлігіне сенемін. Болашақ ұрпағымыз мәңгі тәуелсіз, егемен, дамыған елде өмір сүргенін қалаймын.

Марат ҚОБЛАНОВ.

### ОЙТОЛFAQ

## УӘДЕ-ҚҰДАЙ СӨЗІ

Марқұм Акселеу Сейдімбеков ағам бір сұхбатында былай деген еді:

- Мен бір нәрсеге пұшайман боламын. Біз уәдеге берік халық едік. Уәдеден тайдық. Менің ішімнен шыққан балам өзіне қатысты іс болмаса берген уәдесінде тұрмайды. Ал, ол балам басқаға не істейді? Және бұл жалғыз-жарым мінез емес екенін де жақсы білемін. Бұл біздің халқымыздың ең бір ұлы

құндылықтарының бірі еді. Құранды өзінің моральдық-этикалық нормасына бұрып алған мынадай мәтел бар: «Құдайдың мың бір аты бар. Бір аты-уәде» дейді.

Қазақ даласына XIX-XX ғасырға дейінгі келген этнографтар бір-ақ нәрсеге таң қалады. «Бұл далада өте ірі тағдырлы істер тек қана уәдемен шешіле береді екен» дейді. Қазір уәде беріп тұрып, көзінді бақырайтып тұрып, ол аздай-ақ саған қолхат жазып беріп

тұрып қақпанға түсіріп кетеді ғой. Осындай-осындай жоғалтқан құндылықтарды санап тауыса алмайсың. Біздер, мынау менің қатарластарым қоскіндік ұрпақ. Біз-қаймағы бұзылмаған ауылдың, көшпелі өмір салтының соңғы түтінін іскеген, ошағына жылынған ұрпақпыз. Одан кейін жаңа қоғам, жаңа жүйемен беттестік. Біз-салғастыру арқылы менің жоғалғанын, нені жоғалтып отырғанымызды өте қатты сезінетін ұрпақпыз.

Әлеуметтік желіден дайындаған  
Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

### Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

## ГЕЛЬМИНТТЕР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Гельминттер – адам мен жануарлардың ағзасында тіршілік ететін паразиттік құрттар. Халық арасында оларды «ішек құрттары» деп те атайды. Гельминттер адам ағзасына түсіп, әртүрлі аурулар туғызады, денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін.

Гельминттер бірнеше топқа бөлінеді:

- Жұмыр құрттар (нематодтар) – асқарида, острица, трихинелла;
- Таспа құрттар (цестодтар) – сиыр цепені, шошқа цепені, эхинококк;
- Сорғыш құрттар (трематодтар) – бауыр сорғышы және басқа түрлері.

Гельминттер адам ағзасына көбінесе:

- лас қол арқылы;
- жуылмаған көкөніс пен жеміс-жидектерді тұтынғандықтан;
- шала піскен ет пен балық жегенде;
- ластанған су ішкенде;
- үй жануарларымен байланыс кезінде жұғады.

Гельминтоз кезінде келесі белгілер байқалуы мүмкін:

- іштің ауыруы;
- тәбеттің төмендеуі немесе жоғарылауы;
- жүрек айну;
- әлсіздік, тез шаршау;
- дене салмағының азаюы;
- аллергиялық бөртпелер;
- балаларда мазасыздық пен ұйқының бұзылуы.

Гельминтоздың алдын алу үшін:

- тамақ ішер алдында және дәреханадан кейін қолды сабындап жуу;
- көкөністер мен жемістерді мұқият жуу;
- ет пен балықты толық пісіру;
- қайнатылған немесе қауіпсіз суды пайдалану;
- үй жануарларын уақтылы тексеріп, паразиттерге қарсы емдеу қажет.

Гельминттік аурулардың алдын алу – әр адамның жеке бас гигиенасын сақтауы мен дұрыс тамақтануына байланысты. Уақтылы тексеріліп, дәрігердің кеңесін алу денсаулықты сақтаудың маңызды кепілі болып табылады.

## Топырақтың жағдайына санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу.

Топырақ – адам денсаулығы мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды табиғи ресурс. Ол өсімдіктердің өсу ортасы болып қана қоймай, көптеген микроорганизмдердің тіршілік ету мекені ретінде де қызмет атқарады. Топырақтың ластануы адам денсаулығына, ауыл шаруашылығына және экожүйеге елеулі қауіп төндіреді. Сондықтан топырақтың санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын тұрақты бақылау және бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Топыраққа санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізудің негізгі мақсаты – оның сапалық көрсеткіштерін бақылау, ластану деңгейін анықтау және халық денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алу. Мониторинг нәтижелері қоршаған ортаны қорғау шараларын жоспарлауға және санитариялық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

Топырақтың жағдайын бағалау барысында келесі көрсеткіштер зерттеледі:

- Химиялық көрсеткіштер
- Химиялық талдау арқылы топырақ құрамындағы ауыр металдардың (қорғасын, сынап, кадмий және т.б.), пестицидтердің, мұнай өнімдерінің және басқа да зиянды заттардың мөлшері анықталады. Бұл көрсеткіштер топырақтың антропогендік әсерге ұшырау деңгейін бағалауға көмектеседі.

- Микробиологиялық көрсеткіштер
- Топырақтағы бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар және паразиттердің болуы зерттеледі. Ауру қоздырғыш микроорганизмдердің анықталуы санитариялық қауіптің жоғары екенін көрсетеді.

- Паразитологиялық көрсеткіштер
- Топырақ құрамында гельминт жұмыртқалары мен қарапайым паразиттердің болуы тексеріледі. Бұл әсіресе балалар алаңдары, демалыс орындары және қоғамдық аумақтар үшін маңызды.

- Радиологиялық көрсеткіштер
- Топырақтың радиациялық қауіпсіздігін бағалау мақсатында радионуклидтердің мөлшері анықталады. Радиоактивті ластану адам денсаулығына ұзақ мерзімді әсер етуі мүмкін.

Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг белгілі бір жоспар бойынша жүргізіледі. Алдымен зерттеу аумақтары таңдалып, топырақ сынақтары алынады. Сынақтар зертханалық жағдайда талданып, алынған нәтижелер қолданыстағы санитариялық нормалармен салыстырылады. Мониторинг нәтижелері арнайы деректер базасына енгізіліп, динамикалық бақылау жүргізіледі. Топырақ мониторингі:

- қоршаған ортаның ластану көздерін анықтауға;
- жұқпалы және паразиттік аурулардың таралу қаупін төмендетуге;
- халықтың санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқатын жақсартуға;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- экологиялық қауіпсіздікті сақтауға мүмкіндік береді.

Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг – топырақ сапасын бақылаудың негізгі құралы. Оның жүйелі түрде жүргізілуі экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдағы көптеген аурулардың алдын алуға көмектеседі. Сондықтан мұндай зерттеулерді тұрақты түрде ұйымдастыру – мемлекеттік және ғылыми мекемелердің маңызды міндеті.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»